

ШЕТ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ

ДАРЬЯ ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ

БҰЙРЫҚ

08.09.2024 № 104

Дарья кенті

ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ШЕТСКОГО РАЙОНА

ДАРЬИНСКАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА

ПРИКАЗ

поселок Дарья

**«Адал ұрпақ» ерікті мектеп
клубын құру туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы», Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының» IV – тарауын орындау және Рухани – адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мектепшілік «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылсын.
2. Клубтың 2024-2025 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары, бекітілсін.
3. Клуб жетекшісі әрі барлық іс – шаралардың ұйымдастырушысы болып аға вожатый Б.Рустамбекова бекітілсін.
4. Клуб секциялары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа сипаттағы іс – шараларды ұйымдастыру мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында жауапты педагог қызметкерлер төмендегі құрамда бекітілсін.
 - 4.1. З.Аманжол – тарих пәнінің мұғалімі
 - 4.2. А.Ясик – дебат жетекшісі
5. Бұйрықтың орындалысын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Даткинаға жүктелсін.

Негізі: ҚР Заңы 2015 ж 18.11, № 410-V

Директор




Р.Жакупова



**«Дарья жалпы білім беретін мектебі» КММ
«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2024-2025 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары.**

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1.	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жоспарын құру	Қыркүйек	ДТІЖО Ф.Даткина Аға вожатый Б.Рустамбекова
2.	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерін сайлау жиыны 5-11 сыныптар	Қыркүйек	Аға вожатый Б.Рустамбекова Сынып жетекшілер
3.	"Адал және сатылмайтын еңбек" 1-4 сынып оқушыларына арналған суреттер көрмесі	Қазан	Аға вожатый Б.Рустамбекова Бастауыш сынып мұғалімдері А.Скакова А.Садық
4.	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» пікір сайыс 7-8 сыныптар	Қараша	Аға вожатый Б.Рустамбекова Ұлан басшысы Дебат жетекшісі А.Ясик
5.	«Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» слет	Желтоқсан	ДТІЖО Ф.Даткина Аға вожатый Б.Рустамбекова
6.	«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» сынып сағаты 5-10 сыныптар	Қаңтар	Сынып жетекшілер
7.	«Адалдық жүрген жерде - адамдық жүреді» пікір сайыс	Ақпан	Дебат жетекшісі А.Ясик
8.	«Айбары асқақ ата заң» дөңгелек үстел 10- 11 сыныптар	Наурыз	Тарих пәнінің мұғалімі З.Аманжол
9.	«Ой тазалығы – жан тазалығы» танымдық сабақ	Сәуір	Аға вожатый Сынып жетекшілер Клуб басшысы

10	«Біз жемқорлыққа қарсымыз» акциясы 6-8 сыныптар	Мамыр	Сынып жетекшілер Аға вожатый Б.Рустамбекова
11	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қортынды есебі	Мамыр	Аға вожатый Б.Рустамбекова Сынып жетекшілер

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары  Ф.К.Даткина

Клуб жетекшісі  Б.Рустамбекова

**2024-2025 оқу жылы бойынша мектеп ортасында
жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін
қалыптастыруға арналған бағдарлама**

1. Жалпы Ережелер

1. Осы мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) тәрбиенің Концептуалдық негіздеріне, мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру Бағдарламасына сәйкес әзірленіп Дарья жалпы білім беретін мектебінің 5-11 сынып оқушылары үшін жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс шараларын қамтыған тәрбие жұмысын жүргізу ретін анықтайды.

2. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері

2. Осы Бағдарламаның мақсаты жоғары адамгершілікті, жауапты, талапты және әлеуметті білікті азамат пен патриот қалыптастырып дамыту.

3. Нұсқалған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- 1) рухани-игіліктілік пен азаматтық- патриоттықты тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;
- 2) білім алушылардың мемлекеттік үкімет институттарына сенімін арттыру;
- 3) білім алушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
- 4) білім алушылардың жемқорлыққа қарсы сипатты игілікті-әдептік құндылықтарын қалыптастыру.

4. Кешенді іс-шараларды өткізу үшін келесі тәрбие түрлері пайдаланылады:

- 1) адамгершілік тәрбиесі моральдық-әдептілікті, әр оқушының жемқорлыққа шыдамсыздығын қалыптастыруға бағытталған;
- 2) әлеуметтік-құқықтық тәрбие азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың мәні туралы түсінік алуға, құқықтары мен міндеттеріне, құқықтық нормаларды сақтау қажеттігіне көз жеткізуге, жемқорлықтың қоғам үшін қауіптілігін түсінуіне бағытталған;
- 3) эстетикалық тәрбие мектеп оқушыларының эстетикалық ұнатынымы мен қоршаған болмысқа тілектестік және отан сүйгіштік қатынас қалыптастыруға жағдай жасайтын өнер туындыларының, әдебиеттің көркемдігін түсінушілігін дамытуға бағытталған.

3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

5. Тәрбиелік жұмыстар "Дарья жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұйымдастырылады.

6. Тәрбие жұмысын басқару ДТЖО Ф.Даткина, Аға вожатый Б.Рустамбековаға жүктеледі.

7. Мектепте, мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін, мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға деген ынтасын қалыптастыруға, білім мен мәдениет деңгейлерін арттыруға бағытталған шаралар кешені өткізіледі.

8. Мектепте құрылған ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубы тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатысып қолдау жасайды.

9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

1) 2024-2025 оқу жылына мектептің тәрбие жұмысының кешенді жоспары;

2) сыныптың тәрбие жұмыс жоспары;

3) Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубының жұмыс жоспары.

10. Осы бағдарламаның 9 тармағында қарастырылған жоспарлар мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысы модельдік жоспарға сәйкес қалыптастырылады (қоса беріледі).

11. Жоспарда тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, қоғамдық ұйымдармен, жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға өкілетті органдарымен және басқа мемлекеттік органдармен өзара әрекеттерге бағытталған күнтізбелік іс шаралардың өткізілуі беріледі.

12. Тәрбие жұмысын жүргізуге азаматтар және қамқорлық кеңестері, ата-аналар комитеті, қоғамдық бірлестіктер, жемқорлыққа қарсы тұруға өкілетті және басқа мемлекеттік органдар қатыса алады.

4. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы

13. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының негізгі міндеттері болып мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайтуға ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шараларға қатысу.

14. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы келесі сипатты секциялардан тұрады: жемқорлыққа қарсы білімдер; Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық; жаппай мәдениеттік шаралар.

15. Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы лекциялар, «дөңгелек үстелдер және басқа ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады.

16. Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар сайыстары мен шараларды ұйымдастыруға қатысады.

17. Жаппай мәдениеттік шаралар секциясы науқандар, флэш-мобтар, диалогтік аландар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдары, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа әлеуметтік-мәнде шаралар ұйымдастыруға қатысады.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы ереже

1. Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубының Негізгі мақсаттары мен міндеттері мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту бойынша ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шаралар ұйымдастыруға қатысу болып саналады.

2. **Ұжым:** 8-10 сынып оқушылары.

3. **Құрылымы**

Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубы келесі сипатты секциялардан құралған:

- Жемқорлыққа қарсы білімдер;
- жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық;
- жаппай- мәдени іс шаралар.

3.1 Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы дәрістер, «дөңгелек үстелдер» және басқа да ағартушылық шараларын ұйымдастыруға қатысады.

3.2 Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар шаралары мен сайыстарын ұйымдастыруға қатысады.

3.3 Жаппай - мәдени іс шаралар секциясы науқандар, флэш-мобтар, диалог алаңдарын, қоғамдық ардагерлер ұйымдарымен, мемлекеттік органдармен кездесулер және де басқа әлеуметтік-мәндішаралар ұйымдастыруға қатысады.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың №1 Хаттамасы

Өтілген күні: 04.09.2024 жылы, сағат 10:00-де

Қатысқандар:

ДТДЖО- Ф.Даткина

Аға вожатый-Б.Рустамбекова

Педагог-психолог-А.Азил

Сынып жетекшілер 5-11 сынып

5-11 сынып оқушылары

Өтетін орны: Тарих кабинеті

Күн тәртібі :

1.«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жоспарын құру

Тыңдалды: .«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жоспарын құру

Сөйледі: Күн тәртібінің мәселесі бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Даткина сөз алды. Модернизация бойынша Ұлттық комиссия отырысында мақұлданған «100 нақты қадам- Ұлт жоспарының» қадамдарын практикалық тұрғыдан іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспарының 13-қадамының 9 тармағын орындау шеберінде рухани – адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында елімізде орын алып жатқан жағдайға байланысты клубтың жұмыс жоспары жасалды.

Жоспарларда іс-шаралардың атаулары, олардың орындалуына жауаптылары, қатысушылары, орындалу мерзімдері болуы ескерілді. Ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Патриотизм, отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, құқықтық негіздерді білу және құрметтеу сияқты жеке тұлғаның қасиеттерін дәріптеу ұсынылады. Осы жас тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті-құқықтық сананы қалыптастыру Жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істегенде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу жүйесінің басты міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымда қалыптастыру болып табылады. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 секцияда жұмыс істейді.

1. Жемқорлыққа қарсы білім секциясы- дәрістер, дөңгелек үстел және басқада ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы- бейнероликтер мен сурет байқауын өткізуге ұйытқы болады;
3. Мәдени –көпшілік іс-шаралар секциясы- флешмобтар дайындап қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулер өткізеді деп айтты.

Сонымен қатар оқушыларға «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы ережесімен таныстырды. Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубының негізгі мақсаттары мен міндеттері мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту бойынша ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шаралар ұйымдастыруға қатысу болып саналады. **Ұжым: 8-10** сынып оқушылары. **Құрылымы:** Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубы келесі сипатты секциялардан құралған:

- Жемқорлыққа қарсы білімдер;
- жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық;
- жаппай- мәдени іс шаралар.

1. Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы дәрістер, «дөңгелек үстелдер» және басқа да ағартушылық шараларын ұйымдастыруға қатысады.
2. Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар шаралары мен сайыстарын ұйымдастыруға қатысады.
3. Жаппай - мәдени іс шаралар секциясы науқандар, флэш-мобтар, диалог алаңдарын, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарымен, мемлекеттік органдармен кездесулер және де басқа әлеуметтік-мәндішаралар ұйымдастыруға қатысады деп өз сөзі деп өз сөзі аяқтады.

Қаулы:

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары бекітілсін, ереже, жоспарға сай жұмыс жүргізілсін.

Төрайым
Хатшы

Ф.Даткина
Б.Рустамбекова

«Дарья жалпы білім беретін мектебі» КММ
«Адал Ұрпақ» ерікті клубының анықтамасы

Тақырыбы: "Адал және сатылмайтын еңбек"

Іс-шара түрі: Сурет көрмесі

Өткізілген мерзімі: Қазан айы, 2024 жыл

Қатысушылар: 2-4 сынып оқушылары

Мақсаты:

Сурет көрмесін ұйымдастыру арқылы оқушыларды адал еңбекке, шынайылыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және еңбек құндылықтарын түсіндіру.

Іс-шараның сипаттамасы:


Көрмеге 2-4 сынып оқушылары өз қолдарымен салған суреттерін ұсынды. Суреттерде адал еңбек етудің маңызы, еңбекқорлықтың нәтижелері және әртүрлі мамандықтар бейнеленді. Балалар еңбек тақырыбын өздерінің көзқарасы мен қиялы арқылы жеткізді.

Нәтижелері:

- Барлығы 13 оқушы қатысты.
- Көрме оқушылардың еңбекке деген қызығушылығын арттырып, адалдық пен шынайылық құндылықтарын ұғынуға ықпал етті.

Қорытынды:

"Сурет көрмесі" балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, еңбекке құрметпен қарауға және адалдыққа тәрбиелеуге бағытталған тиімді іс-шара болды.



<https://www.instagram.com/p/DCgt9jYMnuX/?igsh=YjQxbGFqcnc2dGZ5>

**«Дарья жалпы білім беретін мектебі» КММ
«Адал Ұрпақ» ерікті клубының анықтамасы**

Тақырыбы: "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы"

Іс-шара түрі: Пікір сайыс

Өткізілген мерзімі: Қазан айы, 2024 жыл

Қатысушылар: 7-8 сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушыларды сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны туралы ақпараттандыру, құқықтық сауаттылықты арттыру, адалдық пен жауапкершілік құндылықтарын тәрбиелеу, сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Іс-шараның сипаттамасы:

Пікірсайыс Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы негізінде ұйымдастырылды. Оқушылар екі топқа бөлініп, сыбайлас жемқорлықтың себептері, оның зардаптары және оны алдын алу шаралары туралы пікір алмасты.

Талқыланған негізгі мәселелер:

1. Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін әлеуметтік, экономикалық және құқықтық зардаптары.
2. Жемқорлықтың алдын алу жолдары.
3. Адалдық, ашықтық, заңды сақтау қағидалары.

Іс-шара нәтижесі:

-Оқушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың маңыздылығын түсінді.

-Қатысушылар өз ойларын еркін әрі дәлелді жеткізе білді.

-Сыбайлас жемқорлықтың теріс әсерлеріне қатысты сыни көзқарастар қалыптасты.

Қорытынды:

Пікірсайыс жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, олардың адалдық пен әділдік қағидаларына деген құрметін қалыптастыруға септігін тигізді.



<https://www.instagram.com/p/DCyx3y6s6hu/?igsh=MTljZmt4NTN4aWJ2aw==>

«Дарья жалпы білім беретін мектебі» КММ

«Адал ұрпақ» ерікті клубының анықтамасы

Дарья жалпы білім беретін мектебінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарына сәйкес «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» тақырыбында «Адал Ұрпақ» еріктілер клубымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жемқорлық – қоғамның барлық саласына кері әсерін тигізетін ауыр қылмыс. Ол экономикалық дамуды тежейді, әлеуметтік теңсіздікті арттырады және халықтың сенімін жояды. Жемқорлықтың пайда болуына әсер ететін көптеген факторлар мен себептер бар. Бұл анықтамада олардың кейбіреулері қарастырылады.


Негізгі факторлар мен себептер:

1. Әлеуметтік-экономикалық факторлар:

- **Кедейлік пен теңсіздік:** Кедейлік пен теңсіздік жемқорлықтың пайда болуына қолайлы орта жасайды. Адамдар өмір сүру үшін қажетті ресурстарға қол жеткізу үшін жемқорлыққа барады.
- **Жұмыссыздық:** Жұмыссыздық адамдардың табыс табу үшін заңсыз әрекеттерге баруына әкелуі мүмкін.

Қорытынды:

Жемқорлық күрделі мәселе болып табылады және оның пайда болуына көптеген факторлар әсер етеді. Жемқорлықпен күресу үшін осы факторлардың барлығын ескеру қажет. Жемқорлықтан арылу үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту, мемлекеттік басқаруды нығайту, заңды күшейту, қоғамда жемқорлыққа деген төмен толеранттылықты қалыптастыру қажет.



**«Дарья жалпы білім беретін мектебі» КММ
«Сәкен Сейфуллин - аққан жұлдыз» парасаттылық сағатының
анықтамасы**

Тақырыбы: «Сәкен Сейфуллин - аққан жұлдыз»

Іс-шара түрі: парасаттылық сағаты


Өткізілген мерзімі: Қыркүйек айы, 2024 жыл

Қатысушылар: 8 сынып оқушылары

Мақсаты мен мазмұны: оқушыларға қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру. Сағат барысында ақынның өмір жолы, оның әдеби мұрасы, сондай-ақ қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен тұлға ретіндегі рөлі жайлы айтылып, жастарға адамгершілік, патриотизм, ұлтжандылық сияқты құндылықтарды дәріптеу көзделеді.

Парасаттылық сағаттың оқушыларға берер тәлімі: «Сәкен Сейфуллин - аққан жұлдыз» парасаттылық сағатының басты маңызы — жастарды ұлттың өткен тарихымен таныстырып, олардың рухани дүниесін байыту. Сондай-ақ, бұл шара жастарға өз тарихына құрметпен қарауды, туған елінің болашағына жауапкершілікпен қарауды үйретеді. Ақынның өмірі мен шығармашылығынан алған тәлім жас ұрпақты адалдыққа, еңбекқорлыққа, өз елінің патриоты болуға бағыттайды.

Қорытынды: «Сәкен Сейфуллин - аққан жұлдыз» парасаттылық сағаты — Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын таныстыруға бағытталған парасаттылық сағаты болып өтті. Бұл сағатта қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық жолы, оның әдеби мұрасы, сондай-ақ ұлт азаттығы жолындағы күресі кеңінен талқыланды. Шара барысында оқушыларға Сәкен Сейфуллиннің адамгершілік қасиеттері, елге деген сүйіспеншілігі мен ұлт үшін жасаған еңбегі туралы мағлұматтар берілді. Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен қызметі жайлы бейнеролик көрсетілді. Бұл парасаттылық сағаты жастарға ұлы ақынның тұлғасын үлгі ете отырып, адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді дамытуға бағытталды.



<https://www.instagram.com/p/DCg8HBoMd1-/?igsh=MWQxd2JyYXh5MXg5dA==>

Анықтама

Мектеп: Дарья ЖББМ

Сынып: 7

Мұғалім: Сыздықбекова Г.А.

Күні: 09.01.2025

Уақыты: 08.00-08.45

Сынып сағатының тақырыбы: «Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»

Сынып сағатының мақсаты: Құқықтық жүйе мен адам құқықтарының негіздерін білу. Тәртіп пен әділеттілік нормалар мен ережелерін сақтау қажеттілігін түсіну.

Басқаларға көмектесуге және әділдік, мейірімділік пен жауапкершілік танытуға дайын болу.

Қауіпсіздік сабағының тақырыбы: «Судағы қауіпті жағдайларды қалай тануға және судағы жазатайым оқиғалардың қалай алдын алуға болады?»


Қауіпсіздік сабағының мақсаты: Оқушыларға судағы қауіпсіздік ережелерін таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау маңыздылығын көрсету. Суда өзін-өзі қорғау және алғашқы көмек көрсету тәсілдерін үйрету.

Аптаның дәйекі сөзі: Талап бар жерде тәртіп бар

Оқушы саны: 6

Құқықтық жүйе мен адам құқықтарының негіздерін біле отырып, тәртіп пен әділеттілік нормалар мен ережелерін сақтау қажеттілігі туралы, басқаларға көмектесуге және әділдік, мейірімділік пен жауапкершілік таныту туралы түсінік берілді.

Қауіпсіздік сабағында оқушылар судағы қауіпсіздік ережелері, қауіпсіздік ережелерін сақтау маңыздылығын көріп, суда өзін-өзі қорғау және алғашқы көмек көрсету тәсілдері туралы түсінік берілді



<https://www.instagram.com/p/DE5HRsIsaU7/?igsh=eWF3dXRvOHJ5aGJ1>

Анықтама

«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» сынып сағаты туралы

Қауіпсіздік сабағы (10 минут)

№ 17-сабақ «БАССЕЙНДЕГІ НЕМЕСЕ СУДАҒЫ ЖАРАҚАТТАР МЕН КЕЗДЕЙСОҚ
ОҚИҒАЛАРДЫ ҚАЛАЙ БОЛДЫРМАУҒА БОЛАДЫ?»

Аптаның дәйексезі: «Талап бар жерде тәртіп бар»

Тәрбиенің құндылығы: Бірлік және ынтымақ

Күні: 13.01.2025 ж.

Сынып: 6"А"

Сынып жетекшісі: А.Ф.Қожабек

Өткізу түрі: сынып сағаты.

Сынып сағатының мақсаттары: “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту

Сабақтың мақсаты: оқушыларға су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері.

Көрнекілік: көрнекі материал және бейне материал.

Барлық оқушылар: 7 оқушы

Қатысты: 7 оқушы

Сынып сағатының қысқаша мазмұны: Сынып сағаты **Ашықтық пен әділеттілікке деген**

ұмтылыс: Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық саласына кері әсерін тигізіп, әділетсіздік

пен теңсіздікті тудырады. Бұл ұран арқылы адамдар әділетті және ашық қоғам құруға

ұмтылады. **Заң үстемдігін қорғау:** Сыбайлас жемқорлық – бұл заңды бұзушылық.

Сондықтан бұл ұран арқылы заңның барлық адамға бірдей қолданылуын талап етеді. **Жеке**

мүдденің орнына жалпыға ортақ мүдде: Сыбайлас жемқорлық жеке адамдардың немесе

топтардың жеке мүддесі үшін жасалатын әрекет. Бұл ұран арқылы жалпыға ортақ мүддені

жоғары қоюға шақырады. Сынып сағатының 10 минуты қауіпсіздік сағатына бөлінді .

**«БАССЕЙНДЕГІ НЕМЕСЕ СУДАҒЫ ЖАРАҚАТТАР МЕН КЕЗДЕЙСОҚ ОҚИҒАЛАРДЫ
ҚАЛАЙ БОЛДЫРМАУҒА БОЛАДЫ**

Балалардың бассейнге құлап кетуіне жол бермеу үшін, бассейннің айналасына тосқауыл

қойыңыз. Суға секіруге тыйым салынады: Белгіленген жерден басқа жерге секіру буындардың

зақымдануына әкелуі мүмкін. Тереңдікті бағалау: Өз мүмкіндігіңізге сәйкес тереңдікті

таңдаңыз. Суда жалғыз жүзбеңіз: Егер сіз жаңадан жүзуді үйреніп жатсаңыз немесе суға

жақсы жүзе алмасаңыз, ересек адамның қадағалауымен жүзіңіз. Судағы заттарға сақ

болыңыз: Су түбіндегі өткір заттар аяқтың жарақат алуына әкелуі мүмкін. Судағы ағыстарға

назар аударыңыз: Егер сіз өзенде немесе көлде жүзсеңіз, ағысқа қарсы жүзуге тырысыңыз.

<https://www.instagram.com/p/DExClXCMHY/?igsh=dHBmaTBhZWm5Nmlm>



«Дарья жалпы білім беретін мектебі» КММ

«Адал ұрпақ» ерікті клубының анықтамасы

Тақырыбы: «Адалдық жүрген жерде – адамдық жүреді »

Іс-шара түрі: пікірсайыс

Күні: ақпан айы

Дебат жетекшісі: Ясик А

Мақсаттары: Адалдық пен адамгершілік ұғымдарының маңызын түсіндіру,

Қоғамдағы адалдықтың рөлін талқылау,

Жастарды әділеттілікке, шыншылдыққа тәрбиелеу,

Қатысушылардың сыни ойлау қабілетін, дәлелмен сөйлеу мәдениетін дамыту.


Қысқаша мәлімет: Адалдық пен адамдықтың арасындағы байланыс туралы өз көзқарастарын білдіреді,

Қоғамда адалдық бар кезде қандай оң өзгерістер болатынын мысалдармен дәлелдейді,

Адалдық жоғалған жағдайда туындайтын проблемаларға тоқталады,

Қазіргі жастар мен үлкендердің арасында бұл ұғымдардың қалай көрініс табатынын саралайды.

“Адалдық жүрген жерде – адамдық жүреді” дегеніміз – адамның мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымында шыншылдық, әділдік, тазалық пен сенімділік басым болса, қоғамда да адамгершілік, сыйластық, сенім орнайды деген ұғым. Бұл – адалдықтың адамдық қасиеттердің негізі екенін білдіретін моральдық қағида.



<https://www.instagram.com/p/DGnHhz-sTjI/?igsh=MTI3YnJhYWwN2E5Ng==>

**«Дарья жалпы білім беретін мектебі» КММ
«Адал ұрпақ» ерікті клубының анықтамасы**

Тақырыбы: «Айбары асқақ ата заң»

Іс-шара түрі: Дөңгелек үстел

Өткізілген мерзімі: Наурыз айы, 2025 жыл

Қатысушылар: 10-11 сынып оқушылары

Мақсаты:


- Оқушылардың Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы білімдерін кеңейту және тереңдету.
- Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру.
- Конституциялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Конституцияның негізгі қағидаларын, құрылымын және мазмұнын таныстыру.
- Конституцияда бекітілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын түсіндіру.
- Конституциялық өзгерістердің қоғамға әсерін талқылау.
- Оқушылардың өз пікірлерін дәлелді түрде қорғау және сыни ойлау дағдыларын дамыту

Қорытынды:

Дөңгелек үстел “Айбары асқақ Ата заң” – оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, азаматтық белсенділігін арттыруға және еліміздің болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған маңызды шара.



<https://www.instagram.com/p/DHYca-gMm-D/?igsh=OGF6ODR1dzQ4Z3g=>

«Дарья жалпы білім беретін мектебі» КММ
«Адал ұрпақ» ерікті клубының анықтамасы

Тақырыбы: «Ой тазалығы – жан тазалығы»

Іс-шара түрі: Танымдық сабағы

Өткізілген мерзімі: Сәуір айы, 2025 жыл

Қатысушылар: 8-10 сынып оқушылары

Ой тазалығы – жан тазалығы" танымдық сабағы

Мақсаты: оқушыларға ой тазалығы мен жан тазалығының маңыздылығын түсіндіру, олардың адам өміріндегі рөлін ашу, сондай-ақ жағымды ойлау, дұрыс шешім қабылдау және рухани тазалықты сақтау дағдыларын дамыту.

Сабақ барысында оқушыларға:

Таза ойдың адамның жан дүниесіне тигізер әсері,
Жағымды ойлаудың өмір сапасына ықпалы,
Рухани құндылықтар мен адами қасиеттердің маңыздылығы түсіндіріледі.

Танымдық сабақ әңгімелеу, пікірталас, шығармашылық тапсырмалар, өмірлік мысалдар арқылы өткізіледі. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, тақырып бойынша өзара пікір алмасады. Бұл олардың рухани дамуына, өздерін жақсырақ түсінуіне және ізгілікке бағытталуына көмектеседі.



https://www.instagram.com/p/DILoY2iMPJP/?utm_source=ig_web_copy_link